

**№1 хаттама**  
**педагогикалық кеңес**

31 тамыз 2023 жыл

**Педкеңес төрағасы:** З.Б.Нугманова –меңгеруші

**Педкеңес хатшысы:** А.А.Сартаева – педагог-психолог

**Тақырыбы:** «Білім беруді цифрлық түрлендірудің өзекті бағыттары»

**Мақсаты:** 2023-2024 оқу жылындағы ұжым жұмысының перспективаларын бекіту.

**Жүргізу түрі:** Аналитикалық жоспарлау

**Қатысқандар:** 6

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылының оқу бағдарламасымен танысу.  
(З.Б.Нугманова – меңгеруші)
2. Жылдық жұмыс жоспарының жобасымен танысу және талқылау.  
(А.Е.Каюпова –әдіскер)
3. Жиһазды таңбалау туралы мәлімет.  
(А.Е.Каюпова –әдіскер)
4. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.  
(З.Б.Нугманова – меңгеруші)
5. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

**I ТЫҢДАЛДЫ:** 2023-2024 оқу жылының оқу бағдарламасымен танысу.

**СӨЙЛЕДІ:** Нугманова З.Б.-меңгеруші. Жаңа оқу жылымен құттықтады. Жаңа оқу жылының бағдарламасымен таныстырды. Нормативтік құжаттарға тоқталды. Нормативтік құжаттардағы талаптарды білім беру саласында қолдану маңыздылығын түсіндірді. Топ тәрбиешілерінің, музыка жетекшісінің және педагог-психологтың жылдық жоспарларын тексерді. Жаңа 2023-2024 оқу жылына барлық педагогтарға әдістемелік көмек берілді.

**Қаулы етті:** Бөбекжайдың жылдық жоспары бекітілсін.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Жылдық жұмыс жоспарының жобасымен танысу және талқылау.

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскер А.Е.Каюпова әріптестерін 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Тәрбиелеу – білім беру процесі: - перспективалық жоспарға, - циклограммаға, - Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша жүргізілетін мониторингке сәйкес жүзеге асырылатынын айтты. Заттық – кеністік дамыту ортасын жақсарту, жаңартуды ұсынды.

**Қаулы етті:** Заттық-кеністік дамыту ортасы талаптарға сай жабдықталсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Жиһазды таңбалау туралы мәлімет.

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер А.Е.Каюпова барлық балалар жиһазы таңбалануы керек деді. Балалар өз сөрелері мен орындықтарын білуі керек екенін айтты. Барлық орындық пен сөрелер мен жатын бөлмедегі дивандар тізім бойынша реттеу керек деді.

**Қаулы етті:** Барлық жиһаздар таңбалансын.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші З.Б.Нугманова – педагогикалық кеңес төрағасына Нугманова З.Б., құрамы тәрбиеші педагогтар мен ән жетекшісі, хатшы педагог-психолог А.А.Сартаеваны сайлауды ұсынды.

**Қаулы етті:** Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші К.Е.Досаналина жылдық перспективалық жоспарымыз дайын деді. Апталық циклограмманы нұсқаулыққа хатқа сәйкес шығаратынын айтты. Педагогикалық кеңес құрамына қарсы емеспін деді.

Ән жетекшісі К.А.Конысбаеваөз жоспарын электронды түрде дайындап қойғанын айтты. Жылдық жоспары дайын екен. Төраға Нугманова З.Б. мен хатшы Сартаева А.А. болуына бірауыздан келісемін.

Педагог-психолог А.А.Сартаева педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары дайын екен. Циклограммаларым аптасына шығарып отыратынын айтты.

Тәрбиеші Макарова С.С. ҰІӨ өтетін топта барлық құжаттарымызды шығаратын компьютер мен принтермен жабдықталса.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру әдістемелік нұсқау хаттың негізінде жоспарланып, жүзеге асырылсын.

3. Топ тәрбиешілерінің , музыка жетекшісінің және педагог-психологтың жылдық жоспарлары бекітілсін. Жоспарлардың орындалуына әдіскер Каюпова А.Е. жауапты.

4. Педагогтардың бірыңғай формалары сақталсын. Жауапты әдеп кеңесінің төрағасы Досаналина К.Е.

5. Төрағасы З.Б.Нугманова, хатшы Сартаева А.А. сайлансын.

Педкенеітөрарайымы:  З.Б.Нугманова

Педкенеітхатшысы:  А.А.Сартаева



**№ 2 хаттама  
педагогикалық кеңес**

15 караша 2023 жыл

**Педкеңес төрағасы:** З.Б.Нугманова – меңгеруші

**Педкеңес хатшысы:** А.А.Сартаева – педагог-психолог

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің жоба технологиясы»

**Мақсаты:** Педагогтардың білімдерін жүйелеу танымдық зерттеулерді дамыту балалардың іс-әрекеті, педагогикалық шеберлігін арттыру.

**Жүргізу түрі:** Іскерлік ойын

**Қатысқандар:** 6

**Күн тәртібі:**

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.  
(З.Б.Нугманова – меңгеруші)
2. «Бала дамуындағы эксперименттің маңызы»  
(А.Е.Каюпова – әдіскер)
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы дамыту, танымдық зерттеу әрекеті».  
(С.С.Макарова – тәрбиеші)
4. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

1. СӨЙЛЕДІ: Нугманова З.Б. - меңгеруші. 2023-2024 оқу жылының оқу бағдарламасымен топ тәрбиешілері жұмыстануда деді. Тәрбиешілердің, педагог-психологтың, ән жетекшісінің жоспары бекітілді деді. Апталық циклограмма бекітіліп, жұмыстар жүргізілуде екенін айтты. Барлық жиһаздар таңбаланған екен деді.

**Қаулы етті:** 2023-2024 оқу жылының оқу бағдарламасымен жұмысталсын.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

2. СӨЙЛЕДІ: Каюпова А.Е. – әдіскер. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаналықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып табылады деді. Эксперимент жүргізілмес бұрын тақырыбы, мақсаты, міндеті құрылады деп айтты. Балаларға эксперимент көрсету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданамыз деді.

**Қаулы етті:** Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқытуда жана технологиялар қолданылсын.

### 3. ТЫҢДАЛДЫ:

3.СӨЙЛЕДІ:Макарова С.С.-тәрбиеші. Мектепке дейінгі балалық шақта ойын әрекетімен қатар, біліктер мен дағдыларды игеру процесі ғана емес, сондай-ақ, ізденіс ретінде баланың білімді өзі немесе ересек адамның басшылығымен алуына, олардың дамуына ықпал ететін танымдық әрекет зор маңызға ие болады. Мектепке дейінгі ересек жаста танымдық-зерттеу әрекеті балалардың заттармен эксперимент жүргізуінен және ересектерге қойылатын сұрақтарды (неге, не үшін, қалай?) ауызша зерттеуінен көрінеді. Бала эксперимент жүргізу барысында субъект ретінде, өз әрекетін дербес құрып, белсенділік танытады. Іздену-эксперименттік әрекеттің өзектігі- эксперимент жүргізу барысында балаларға зерттелетін нысанның түрлі жақтары туралы шынайы түсінік берілуі, баланың есте сақтауын, таным процестерін, талдау жасай алу дағдыларын дамытуға ықпал ететін: өзара байланыс орната білу және қарапайым қорытынды жасауболып табылады.

**Қаулы етті:** Эксперимент алаңы ұйымдастырылсын.

### 4. ТЫҢДАЛДЫ:

4.СӨЙЛЕДІ:Досаналина К.Е.-тәрбиеші. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс деді. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет деп айтты.Олар қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді деді. Баланың бір нәрсені зерттеп білем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейтінін айтты. Зерттеу әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың жеке шығармашылығына бағытталған әрекет деді. Тәжірибе жасау барысында бала көргенін, не орындағаны жайында, қорытынды жасау, есеп беруде байқалады деді. Мен балалармен судың қасиетін зерттедім деді. Балалар суды, қатты, сұйық күйінде көрген екен. Дәмі мен түсімен танысты деп айтты.

**Қаулы етті:** Мектепке дейінгі балалармен тәжірибе жасалсын.

### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1.Мектепке дейінгі ұйымның заттық-даму ортасын құрудың заманауи тұжырымдамалары мен қағидаларына сәйкес келсін.

2.Эксперимент жасауға барлық жағдай жасалсын.

- 3. Мектепке дейінгі білім беру сапасы қанағаттанарлық.
- 4. Жүргізілген эксперименттер жақсы деп танылсын.



Комиссия төрағасы: *З.Б. Нугманова* З.Б. Нугманова

Хатшы: *А.А. Сартаева* А.А. Сартаева

**№ 3 хаттама**  
**педагогикалық кеңес**

22 қаңтар 2024 жыл

**Педкеңес төрағасы:** З.Б.Нугманова – меңгеруші

**Педкеңес хатшысы:** А.А.Сартаева – педагог-психолог

**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік – патриоттық тәрбие беру»

**Мақсаты:** Педагогтардың, балалар мен ата-аналардың өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, адамгершілік патриоттық тәрбие беру жұмыстарының мазмұны мен формаларын жаңарту.

**Жүргізу түрі:** Дөңгелек үстел

**Қатысқандар:** 6

**Күн тәртібі:**

1. №4 педагогикалық кеңестің орындалуы.

(З.Б.Нугманова – меңгеруші)

2. «Туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру».

(Каюпова А.Е.-әдіскер)

3. «Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру». Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас.

(Макарова С.С.-тәрбиеші)

4. «Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие».

(Досаналина К.Е.-тәрбиеші)

5. Патриоттық тәрбие беру бұрышын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. СӨЙЛЕДІ:** Нугманова З.Б. – меңгеруші. Мектепке дейінгі ұйымның заттық-даму ортасы заманауи тұжырымдамалар мен қағидаларға сәйкес жабдықталсын деді. Балаларды бақылап, топты аралағанда балалар үлкен қызығушылықпен ойнап жататынын айтты. Тәрбиешілер эксперимент жасап, жұмыстануды тоқтапасын деді. Жүргізілген эксперименттер өз нәтижесіне жетеді деп ойлаймын деді.

**Қаулы етті:** Заттық дамыту ортасы заманауи тұжырымдар мен қағидаларға сәйкес жабдықталсын.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

**2. СӨЙЛЕДІ:** Каюпова А.Е. – әдіскер. Туған жерге деген сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады деді. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола



**№ 4 хаттама**  
**педагогикалық кеңес**

20 наурыз 2024 жыл

**Педкеңес төрағасы:** З.Б.Нугманова – меңгеруші

**Педкеңес хатшысы:** А.А.Сартаева – педагог-психолог

**Тақырыбы:** «Балаларға ұлттық құндылықты насихаттау мақсатында заманауи білім беру технологиясының ерекшеліктері»

**Мақсаты:** Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін балабойына дарыту.

**Жүргізу түрі:** Іскерлік ойын

**Қатысқандар:** 6

**Күн тәртібі:**

1.№5 педагогикалық кеңестің орындалуы.

(З.Б.Нугманова – меңгеруші)

2.«Заманауи мектепке дейінгі білім беру мекемесі» тақырыбына презентация.(Каюпова А.Е.-әдіскер)

3.«Ұлттық ойынға арналған мектепке дейінгі білім беру технологиялары».

( Макарова С.С.-тәрбиеші)

4. «Ұлттық бұрыштар бала тәрбиесінің мәйегі» әр топтардағы ұлттық бұрышты аралау.

5.Кеңес : «Ұлттық ойын-тәрбие құралы».

(Юсупова А.А.-тәрбиеші)

6. «Балаларғасалт-дәстүр туралы не және қалай айту керек?».

(Конысбаева К.А.-ән жетекшісі)

Тыңдалды:

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

1.СӨЙЛЕДІ: Нугманова З.Б. –меңгеруші. Өткен педагогикалық кеңес шешімі орындалып жатыр. Жүргізілген эксперименттер қортындыланып, нәтижесі шығарылған екен. Балалардың бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыру барысында тәрбиешілермен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ұйымдастырылған патриоттық тәрбие беру бұрышындағы материалдарды ата-аналар назарына ұсынылу барысында ата-аналардың көңілінен шыққан екен.

**Қаулы етті:** Эксперименттік алаң өзің жұмысын жалғастыра берсін.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

2.СӨЙЛЕДІ: Каюпова А.Е. – әдіскер. Тақырыпқа сай презентация көрсетті. Балабақшамызда түрлі ұлттық ойындар, көрнекіліктер бар екенін айтты. Соны мектепке дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеуде тиімді қолдана білуіміз керек деді.



**№ 5 хаттама**  
**педагогикалық кеңес**

31 мамыр 2024 жыл

**Педкеңес төрағасы:** З.Б.Нугманова – меңгеруші

**Педкеңес хатшысы:** А.А.Сартаева – педагог-психолог

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өткен оқу жылындағы жұмыс жағдайы»

**Мақсаты:** Жылдық жоспардың міндеттерін орындау бойынша жұмыстарды талдау. Жана оқу жылына жылдық жоспардың жобасын жасау. Жазғы сауықтыру кешенінің жұмыс барысын ұйымдастыру.

**Жүргізу түрі:** Пікірталас

**Қатысқандар:** 7

**Күн тәртібі:**

1. №4 педагогикалық кеңестің орындалуы.

(З.Б.Нугманова – меңгеруші)

2. «2023-2024 оқу жылындағы жұмыстың өзіндік талдауы» тәрбиешілердің есебі.

(Каюпова А.Е.-тәрбиеші)

3. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының жылдық тапсырмаларының орындалуын талдау.

(Каюпова А.Е.-әдіскер)

4. Дайындық тобындағы балалардың мектепке дайындығын талдау.

(А.А.Сартаева – педагог-психолог)

5. «Сәлем жаз!» жазғы сауықтыру науқанына тәрбие жұмысының жоспарын бекіту.

(З.Б.Нугманова – меңгеруші)

**Тыңдалды:**

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

1.СӨЙЛЕДІ: Нугманова З.Б. –меңгеруші. №бпедагогикалық кеңестің шешімі орындалып отыр екен. Ұлттық ойындар әрдайым ойнатылып жататынын көремін деді. Ұлттық бұрыш жақсы жабдықталған деді. Аудандық байқауларға қатысып жатырсыздар деді. Балаларға үнемі ұлттымыздың салт-дәстүрлерін айтып, сонымен қоса әуендерін тыңдатып жатасыздар. Ұлттық ойындардың технологияларын қолданып жатсыздар деп ойлаймын.

**Қаулы етті:** Ұлттық ойындар күнделікті ойнатылсын.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

2.СӨЙЛЕДІ: Каюпова А.Е.-тәрбиеші. Биылғы оқу жылында көптеген жұмыстар атқарылды деді. Жылдық жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытымен өткізіліп отырды. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалары дұрыс, өзім қадағалап отырдым деп айтты.Барлық құжаттар дұрыс деді.

**Қаулы етті:** Уақытылы өзіңдік талдау жүргізіліп отырсын.

### 3. ТЫҢДАЛДЫ:

3.СӨЙЛЕДІ: Досаналина К.Е.-тәрбиеші. Білім беру бағдарламаларының барлық нұсқаухатырмен жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. Барлық тапсырмалар уақытылы орындалады.Бағдарламадан ауытқымаймыз деді.

**Қаулы етті:** Білім беру бағдарламасындағы тапсырмалар орындалсын.

### 4. ТЫҢДАЛДЫ:

4.СӨЙЛЕДІ: Сартаева А.А.- педагог-психолог. Биыл балабақшамен 19 бала қоштасады деді. 19баладан «мектепке баруға дайынсың ба» атты мотивациялық сауалнама алындым деп айтты. Балалар сұрақтарға өз жастарына сай жауап берді деді.

**Қаулы етті:**Сауалнама анықтамасы тапсырылсын.

### 5. ТЫҢДАЛДЫ:

5.СӨЙЛЕДІ: Сартаева А.А. – педагог-психолог. Педагог-психологтың жазғы жоспары дайын деді. Жас ерекшеліктері ескеріліп жасалған деді. Максаты мен міндеттерім көрсетілді деді.

6.СӨЙЛЕДІ: Конысбаева К.Е.- ән жетекшісі. Менің жазғы жоспарым топтың жазғы перспективалық жоспарына кіріктіріліп дайындалынады деді.

7.СӨЙЛЕДІ: Макарова С.С.-тәрбиеші. 2023-2024 оқу жылының жазғы сауықтыру кешеніне арналған перспективалық жоспарды дайындап қойды деді.Жоспар бойынша жұмыстанамыз деп айтты.Уақытында циклограмма жазылып отырады деді.

**Қаулы етті:** Жазғы жоспарлар тексерілсін.

### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының жылдық тапсырмаларының орындалуын қадағалау әдіскерге жүктелсін.

2. «2023-2024 оқу жылындағы жұмыстың өзіндік талдауы» тәрбиешілердің есебі қанағаттанарлық.
3. Сауалнама қорытындысы шығарылсын.
4. Мектепке дейінгі мекеменің барлық жаздық жоспары бекітілсін.

Комиссия төрағасы:  А.Б. Нугманова

Хатшы:  А.А. Саргаева



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК – ның № 6 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

### Хаттама № 6

**Өткізілген уақыты:** 2024 жыл, 03 маусым

**Қатысқандар:** 7 педагог, есепші

#### **Күн тәртібі:**

1. «Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі - З.Б. Нугманова. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында 2024 жылдың 31 мамырынан 10 маусым аралығында мемлекеттік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу ұсынылды.

Өзін-өзі бағалау 2024 жылдың 03 маусымынан 10 маусымға дейін тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүргізілуі тиіс.

Ұжымды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен ) және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығымен таныстырды.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері келесі бағыттар бойынша материалдарды дайындайды:

#### **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

*Құжаттар: өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған*

оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» негізделіп құрылған және бекітілген болу керек. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып, бекітілген болу керек.

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

- ✓ оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- ✓ қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- ✓ тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- ✓ креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- ✓ "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша

**Құжаттар:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған);

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабақтары салынады.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеністіктік дамытушы орта құру

*Құжаттар: жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі;*

- табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдардың бар болуы;

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

*- Құжаттар: бағаланатын кезеңдер бойынша кесте жасап, пайызбен шығару, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі;*

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

*Құжаттар: Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі;*

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

*Құжаттар: Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған болуы*

*керек, мектеп алды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі;*

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

*Құжаттар: сабақ кестелері, циклограмма құрылған болу керек, бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі;*

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

*Құжаттар: балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылады, бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі.*

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

*Құжаттар: жұмыстық оқу жоспарлары, сабақ кестесі, циклограмма құрылған болу керек, бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері салыну керек.*

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

*Құжаттар: апталық оқу жүктемесінің көшірмелері салынады, сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған болуы керек.*

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

*Құжаттар: Олшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектеп алды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары мен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі.*

4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша, жастаптары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылармен құзыреттіліктердің көлемін игеру

*Құжаттар: әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдары салынады.*

2) жаскезеңіне сәйкестәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

*Құжаттар: Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игеру кестесі, өлшем шарттардың 8-қосымшасына сәйкестолтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).*

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1)

жаскезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

*Құжаттар: білім беру ұйымына 1 жасан 5 жасқа дейін қабылдану керек, өлшем шарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі;*

2) тәрбиеленушіні мектепалды даярлық тобына қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

*Құжаттар: балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы, бұйрықтары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталу керек.*

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды. Дауыс беру барысында бірауыздан шешім қабылданды:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі  
З.Б. Нугманова.

Комиссия мүшелері:

Әдіскер - А.Е. Каюпова

Муз. жетекшісі - К.А. Конысбаева

Тәрбиеші - С.С. Макарова

Есепші – С.А. Тойманова

2. Комиссия хатшысы болып А.А. Сартаева сайлансын.

3. Комиссия мүшелері 2023 – 2024 оқу жылына 1 жыл ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалсын:

**Каюпова А.Е.** – МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз

ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;- жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

**Макарова С.С.**- баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;

- "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру;

- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

**Коньсбаева К.А.** - тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

11) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар;

- Оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

**Тойманова С.А.** - материалдық –техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі құрамда комиссия құрылсын және бекітілсін.
2. Комиссия мүшелері 2023-2024 оқу жылына дейінгі 1 жыл ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептер дайындалсын.
3. Комиссия құрамы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін 2024 жылдың 10 маусымда қорытындыласын.
4. 2024 жылдың 10 маусымда дейін білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



**З.Б.Нугманова**

**А.А.Сартаева**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»  
ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК – ның № 7 жоспардан тыс  
педагогикалық кеңестің хаттамасы

### Хаттама №7

**Өткізілген уақыты:** 2024 жыл, 10 маусым

**Қатысқандар:** 7 педагог, есепші

#### **Күн тәртібі:**

1. МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия мүшелері өз сөздерінде мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде зерттеудің бағыттары мен объектілерін талдап қорытындылады.

#### **Тыңдалды:**

**1. А.Е.Каюпова:** оқыту мен оқытуды тексеру қорытындылары, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру, МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау туралы, ата-аналардың сауалнамасын талдау туралы мәселелеріне тоқталып өтті.

**2. Макарова С.С.:** - баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы, "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру, тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы туралы мәлімет ұсынды.

**3. Конысбаева К.А:** тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар және оқу мерзіміне қойылатын талаптар туралы талқылады.

**4. Тойманова С.С.:** тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның жағдайы, негізгі құралдарды сатып алуды талдау жасады.

**Сөз сөйледі:** музыка жетекшісі - Конысбаева К.А.:

- өзін-өзі бағалау материалын бекітуді ұсынды. Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның МБЖС және үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметіне объективті талдау ұсынды. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған. 4 тәрбиеші- 100% мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандықтары бойынша білімдері бар. Ересек тобының ата-аналарының сауалнамасы және талдау материалдары тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес

**Сөз сөйледі: «Балапан» аралас тобының тәрбиешісі Макарова С.С.**

. - ұсынылған талдаудан бес саланы «Денсаулық», «Әлеумет», «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным» дағдыларының интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолог –педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға, топтағы пәндік - кеңістік дамытушы орта қауіпсіздік ережеге сәйкес құрылған. Комиссияның қорытынды бағасына «қанағаттанарлық» деп дауыс беруді ұсынды.

Дауыс беру барысында бірауыздан **шешім** қабылданды:

1. «Денсаулық», «Әлеумет», «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным» дағдыларының интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолог –педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топтағы пәндік- кеңістік дамытушы орта қауіпсіздік ережеге сәйкес құрылған. Балабақша материалдық-техникалық базасын жетілдіруді жалғастыру.
2. Тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасуы деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес.
3. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған.
4. Балабақшаның оқу –тәрбие процесінің ұйымдастырылуы МЖМБС сәйкес.
5. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдары бекітілсін.
6. «Ақтөбе облысы Білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауы «қанағаттанарлық» болып бағалансын.
7. 2024 жылғы 14 маусымға дейін МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының сайтында өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды орналастырылсын.

Жауапты: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әдіскері –Қаюпова А.Е.

Бақылау: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі –З.Б.Нугманова

**Комиссия төрағасы:**

**Хатшы:**



**З.Б.Нугманова**

**А.А.Сартаева**